

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 84 (9146) | 1953 жылғы 25 апрель Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!

Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні—Бірінші Май мерекесі жақында келеді. Бүкіл еліміздің еңбекшілері бұл дәстүрлі мерекені еңбек майданында жаңа табыстарға жетумен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, еңбек қарқынын күн санап күшейте түсуде.

Бірінші Май мерекесі қарсаңындағы күндерде, бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты, біздің облысымыздың колхозшыларының, жұмысшылары мен интеллигенциясының саяси және еңбек өрлеуі бұрынғыдан да арта түсті.

Облысымыздың өнеркәсіп орындарының коллективтері өндірістік программаларды мерзімінен бұрын және толық орындау жолында, өнімнің сапасын жақсарту түсіп, шикізатты, қаражатты және отынды көп үнемдеу жолында белсене күресте, ауыл шаруашылығының еңбекшілері колхоз, совхоздардың қоғамдық мал басын өсірумен бірге оның өнімділігін де арттыру жолында қажырлы еңбек етуде.

Бірінші Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста шарғын двигательдер зауытының, тігін фабрикасының, А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының, былғары зауытының, таразы зауытының коллективтері жаңа табыстарға жетті. Бұл кәсіпорындарында өндірістік тапсырмалар ойдағыдай орындалып, өнім сапасы жақсара түсуде.

Сол сыяқты, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары мал қыстатуды үлгілі аяқтады. Олар көктемгі егіске тынғылықты әзірлеп, кәзір бұл жұмысты ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жөнінде Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозын (председателі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Е. Бәукепов жолдас) мысалға алуға болады. Колхоз қоғамдық малды қыстан күйлі және шығынсыз алып шықты. Сол сыяқты, егіс жұмыстарына да тынғылықты әзірлік жасады. Кәзір бұл ауылшаруашылық артелінің барлық алты бригадасында егіс жұмыстары қызу қарқынмен өрістей түсуде. Бұл колхозда егіс жұмыстарының алғашқы күндерінің өзінде 1400 гектардан аса егіс алаңы тырмаланып, 300 гектардай жерге

Совет адамдары өзінің туысқан партиясының Орталық Комитетінің бұл Ұранына іспен жауап беру жолында қажырлы еңбек етуде. Олардың даңқты мерекесі — Бірінші Майды лайықты өндірістік тартулармен қарсы алатындығы сөзсіз. Бұған совет адамдарының Ленин—Сталин партиясына және советтік Отанымызға шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігі, өз партиясының данышпандық саясатын толық қолдап, ол саясатты табысты түрде жүзеге асыру жолында белсене күресетіндігі кеніл.

Совет адамдарының Май мерекесі күрметіндегі социалистік жарыс күндерінде қол жеткен табыстарында біздің облысымыздың еңбекшілерінің де үлесі бар. Бірақ, біздің адамдарымызға қол жеткенмен тыну — жат қылық. Облысымыздың еңбекшілерінің алдында бұл күндерде кезек күттіруге болмайтын аса күрделі міндеттер тұр. Ол міндеттер — көктемгі егіс жұмыстарын тұжырымды мерзімде және сапалы аяқтап шығу, сөйтіп, ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемінен тұрақты және мол өнім алудың негізін қалау. Ал, облысымыздың колхоздарында көктемнің қолайлы күндерінің өтіп бара жатқанына қарамастан егіс жұмыстарының мейлінше баяу өрістетіліп отырғандығын мойындауымыз керек.

Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары барлық күш-мүмкіншілікті егіс жұмыстарын жедел қарқынмен жүргізіп, оны тұжырымды мерзімде және сапалы аяқтау ісіне жұмылдыруды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін партия ұйымдары егіншілердің, тракторшылардың, тіркеушілер мен жанар және жағар май тасушылардың социалистік жарысын пәрменді өрістеті біліп, әрбір колхозшы мен механизатордың жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындауына жетісулері керек.

Колхоз, совхоздар мен МТС-тердің партия ұйымдары егіншілер мен механизаторлардың социалистік жарысы формальді түрде ұйымдастырылмай, оның пәрменді болуына жетісте тиіс. Бастауын партия

## Қазақ ССР министрліктерін қайта құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советінің 1953 жылғы 15 марттағы «ССРО министрліктерін қайта құру туралы» заңына сәйкес, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік хауіпсіздік министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі бір министрлік — Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі болып біріктірілсін.
2. Қазақ ССР Соғыс министрлігі Қазақ ССР Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылсын.
3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мақта шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Совхоздар министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Су шаруашылығы министрлігі бір министрлік — Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі болып біріктірілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 23 апрель, 1953 жыл.

## Қазақ ССР министрлерін тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы төмендегілер тағайындалсын деп қаулы етеді:

Қазақ ССР Ішкі істер министрі — Владимир Владимирович Губин жолдас;

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 23 апрель, 1953 жыл.

## Ж. Жанғозин жолдасты Қазақ ССР Сауда министрі етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Жақыпбек Жанғозин жолдас Қазақ ССР Сауда Министрі болып тағайындалып, ол Қазақ ССР Министрлер Советі Пред-

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.

Совет Одағының жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы! Социалистік Отанымыздың қуатын мұнан әрі күшейте беруге және халықтың әл-ауқатын үздіксіз арттыра беруге бағытталған, партия мен үнмет жасап берген саясатты жүзеге асыру жолында белсене күресіңдер!

(СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы Бірінші Майға арнаған ұрандарынан).

## Қалалық Советтің сессиясы

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің болып өткен кезекті екінші сессиясы жергілікті және кооперативтік өнеркәсіптің жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе талқылады. Қалалық Совет атқомінін председателі Савин жолдас бұл мәселе жөнінде жасаған баяндамасында жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары мен артельдердің жұмысындағы бірқатар жетістіктерді айта келіп, кемшіліктерді қатты сынады.

Қаладағы Панфилов атындағы, «Кожник», «Друг кооперации» артельдері өнімнің түр-түрін өндіру жөніндегі тапсырманы орындамады. Олар қала еңбекшілерінің күн сайын өсіп отырған қажеттерін қанағаттандыра алмайды. Кәсіпшілік артельдерінің көпшілігі өнімнің сапасын жақсарту жөнінде алған міндеттемелерін де орындамады. Шикізат пен материалдардың артық жұмсалуды, өнімнің өзіндік құнының жоспарлардан асып түсуі сыяқты кемшіліктер де кездеседі.

Облыстық кәсіпшілік одағының, мүгедектер кооперациясы одағының және жергілікті өнеркәсіптің басшылары өнімнің өзіндік құнын кеміту, кәсіпорнының бір-кейлі, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелерімен үнемі шұғылданбайды. Сондықтан да 1952 жылы және үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында қор жыйнау жөніндегі жоспарды жергілікті өнеркәсіп орындары орындамады.

Баяндамашы және жарыссөзге шығын сөйлеуші жолдастар, әсіресе, «Прогресс» кәсіпшілік артелінің (председателі Алышбаев жолдас) жұмысындағы үлкен кемшіліктерді атап көрсетті. Бұл артельдің басшылары өндірісті ұйымдастыруға, еңбек тәртібін жақсартуға әлі күнге дейін жете мән бермейді. Соның салдарынан быйыл өткен жылғыға қарағанда артельдің өндірістік көрсеткіштері әлде қайда төмен болып отыр.

Қалалық финанс бөлімінің меңгерушісі Прыдко жолдас өзінің сөзінде кіріс салығы бойынша бюджетке қаржы енгізу жөнінде облыстық кәсіпшілік одағы жүйесіндегі

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрі — Фазыл Кәріпжанов жолдас;

Қазақ ССР Мәдениет министрі — Қайырғали Байғалиұлы Байғалиев жолдас;

Қазақ ССР Жеңіл және тамақ өнеркәсіп министрі — Василий Александрович Родионов жолдас.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

седателінің орынбасары міндетінен босатылсын.

тұқым себiлдi. «Луч Ленина» колхозының колхозшылары егiс жұмыстарының қарқынын барған сайын өрiстете түсумен бiрге, жұмыстың сапасына да баса назар аударуда.

Бүкiл совет адамдарымен бiрге, бiздiң облысымыздың еңбекшiлерi де Совет Одағы Коммунистiк партиясы Орталық Комитетiнiң 1953 жылғы Бiрiншi Майға арнаған Урандарын шын ықласпен және асқан патриоттық сезiммен қарсы алды. СОКП Орталық Комитетiнiң Урандарының бiрiнде былай делiнген:

—**Совет Одағының еңбекшiлерi! ССРО-ны еркендетудiң бесiншi бесжылдық жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы бүкiлхалықтық социалистiк жарысты онан сайын кең өрiстетейiк! Халық шаруашылығын жаңадан мықтап еркендету үшiн, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетiн онан әрi арттыру үшiн күресiңдер!**

## Халық дәригерi

НУКУС, 22 апрель. (СОТА). Арал теңiзiнiң оңтүстiк жағалауындағы шалғай балықшылар поселкесiнен Қарақалпақ денсаулық сақтау министрлiгiне радио арқылы хирургиялық шұғыл жәрдем көрсетудi керек ететiн ауыр науқас болып деп хабарланды. Бiрнеше минутта кейiн Нукус аэропортынан аспанға сапарлық самолет көтерiлдi. Самолеттiң бортында министрлiктiң бас хирургi У. Халмұратов бар.

Медициналық жәрдемдер кезiнде көрсетiлдi. Науқас адам өлiмнен құтқарылды.

Хирург Халмұратовты Жаңадария отырысында, Ушсайдың кеме тоқтайтын орындарында, Қырыққыз құмдарының орталығында жиi кездестiруге болады. Қыйыншылықтармен есептеспестен ол кез келген мерзiмде—мейлi түн болсын, мейлi күндiз болсын кез келген сағатта

## Темекi отырғызу басталды

ТРЕВАН. Бүгiн Азизбек ауданының колхоздары темекi отырғыза бастады. Көшеттi жақсы баптау нәтижесiнде өте ерте мерзiмде жоғары сапалы көшет өсiрiлдi.

Армения колхоздарында быйыл бүкiл егiс көлемiнде дерлiк көшет отырғызу әдiсi қолданылады. Бұл көшеттi Кутанси аймақтық станциясы «Самсун», «Тра-

## ШАХТЕРЛЕР АВТОМАШИНАЛАР САТЫП АЛУДА

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Быйыл қарағандылықтар «Главтотракторсбыт» магазинiнен 100-ден астам «Победа» және «Москвич» машиналарын сатып алды. Жақын арада Горбачев атындағы шахтаның комплекстi бригадасының бригадирiнiң көмекшiсi құрметтi шахтер Атық Сембаев, «Қарағандыуголь» ком-

ұйымдары ауыл-селодағы үгiт-бұқаралық жұмыстың барлық күшiн егiншiлердiң алдында бүгiн таңда тұрған ең негiзгi мiндет—егiстi қысқа мерзiмде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткiзу мiндетiмен ұштастыра жүргiзетiн болсын.

Социалистiк жарыс—совет адамдарына тәрбие берудiң коммунистiк әдiсi. Сондықтан социалистiк жарысты ұйымдастыруда және оған басшылық жасауда формальдiкке, үстiртiкке жол беруге болмайды. Партия комитеттерi әрбiр кәсiпорнында, колхоз, совхоз бен МТС-те социалистiк жарыстың ұйымдастырылу жайымен үнеми шұғылданып, бұл жөнiнде бастауыш партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетiп отыруға мiндеттi.

Халық шаруашылығын еркендету жөнiндегi облысымыздың еңбекшiлерiнiң алдында тұрған мiндеттердi ойдағыдай орындау жолындағы социалистiк жарысты барған сайын кең өрiстетейiк!

науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсету үшiн ұшып шығады. Жетiжарым мың операция және самолетпен ұшып өткен мыңдаған километр қашықтық—бұл цифрлар дәригердiң еңбек ерлiгiн көрсетедi. Халмұратов жолдас халық арасында үлкен беделге ие болды. Еңбекшiлер оны ССРО Жоғарғы Советiне депутат етiп сайлады.

Хирург Халмұратов өзiнiң тәжрибесiн үзiлiксiз байытып отырады, бiлiмiн жетiлдiруге. Ол Москваның, Ленинградтың, Ташкенттiң клиникаларымен тығыз байланыс жасайды, елiмiздiң таңдаулы хирургтерiнен үйренiп отырады.

Халмұратовтың ондаған шәкiрттерi—малшылар мен балықшылардың балалары—бұл күндерi Қарақалпақ АССР-нiң әртүрлi медициналық мекемелерiнде ойдағыдай жұмыс iстеп жүр.

пезонд», «Остролист» темекiлерiнiң жергiлiктi тұқымынан өсiрiп шығарған. Мұның өзi басқа жақтан өкелiнген тұқымнан гөрi әр гектардан темекi жапырағын 3—5 центнер артық алуға мүмкiндiк бередi. Бороздалар жырту, қатараралықтарды механизммен өңдеу жұмысын егiстiң көп көлемiнде МТС-тер тұңғыш рет жүргiзедi.

бинатының паровоз машинисi Павел Баксараев, құрылысшы инженер Андрей Занка, Киров атындағы шахтаның посадчигi Михаил Кульчицкий, транспорт-экспедиция конторының жұмысшысы Бөкiр Әбiлғазин және басқалары «Победа» машиналарын сатып алды.

## Қазақ ССР Министрлер Советінде

Қазақ ССР Министрлер Советі мынадай қаулылар алып, бұл қаулылар бойынша:

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Су шаруашылығының бас басқармасын, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы қоныс ауыстыру басқармасын, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік аңшылық инспекциясын, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын электрлендіру басқармасын және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы

селолық және колхоз құрылысы жоғарғы басқармасын (колхоздың құрылысы жағын) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігімен біріктірді.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт істері жөніндегі комитетті ажыратып, оның жұмысын Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне берді.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік арбитраж Қазақ ССР Заң министрлігінің құрамына берілді.

## Алматы облысының колхоздары масақты егіс жоспарын орындады

Алматы облысының колхоздары масақты егіс жоспарын орындады. Ауыл шаруашылық артельдерінің көпшілігі егісті қысқа мерзімде өткізді. Егіншілікке агротехниканың прогрестік тәсілдері енгізілуде. Мыңдаған гектар жерге тұқым тоғыспалы және тар қатарлы әдіспен себілді. Озат шаруашылықтарда тұқым егіс алдынан өңделіп, ауа-күн

жылылығымен қыздырылды, яровизацияланды.

Негізгі азық-түлік дақылы — бидай егісінің көлемі ұлғайтылды. Іле, Еңбекшіқазақ, Қаскелең, Жамбыл және Алматы аудандарының колхоздары жоспардан тыс мыңдаған гектар жерге бидай екті.

Облыстың ауыл шаруашылық артельдері бұршақты дақылдармен жүгері егу жұмысын өрістетті. Еңбекшіқазақ, Шелек және Алматы аудандарында горчица егілуде.

Колхоздардың егіс даласында масақты дақылдар қаулап көктеді. Егіншілер егісті күту жұмысын ұйымдастыруда.

(ҚазТАГ).

## Жақсы тәжірибе—көпке ортақ

## Бұзау өсірудегі тәжірибем

Туғанына бір ай толысымен әрбір бұзауға күніне сұлы ұнынан жасалған 2 литр кисель беремін. Осымен бірге, оның алдынан көк шөп үзілмейді. 3—4 айдан кейін бұзауға күніне 1,5—2 килограмнан концентрат және жылылығы 10—12 градус су беріледі. Бұзауларға мұндай азықты мезгіл-мезгіл берген жақсы. Мен әрбір бұзаудың өсіп, маркаюына қарай жемді де, шөпті де мезгіл-мезгіл нормалармен беріп отырамын. Азықтандырылғаннан кейін үнемі оны сүтке, суға қандырып аламын. Мұндай күтімде болған бұзау отқа да, суға да қанып, күйлі өседі.

Бұзаудың күйлі өсірілуі үшін оның қорасы жылы, жарық және таза болуы керек. Мен төл үшін қай мезгілде болсын жылы, таза ұстаймын. Бұзаудың төсеніші әрқашан қалың, құрғақ және жұмсақ болады. Өткен қыста бұзаулар жайлы қорада күтілді. Әрбір бұзаудың алдында оттық бар. Бұзауды азықтандырар алдында оттықты шөп қыйқымынан тазартып аламын. Оған шөпті содан кейін ғана саламын. Сонда бұзаулар жаңа салынған шөпті таза күйінде жейді. Бұл әдісті жазғы-күзгі маусымдарда да қолданамын. Өйткені, ауа райы қолайсыз болған жағдайда, әсіресе, аса ыстық немесе жауын-шашынды күндері бұзауларды қолда бағып күтемін. Міне, осы арқылы өзіме күтуге берілген бұзауларды күйлі өсіруге жетісемін. Бұзау бағу жөнінде зоотехниктер мен жиі-жиі ақылдасып, көмек алып оты-

рамын. Өзімнің күнбе-күнгі жұмысымда, әсіресе, бұзауды азықтандырып күтуге зоотехникалық ережелерді батыл қолданып келемін. Атқарған істің жемісті болуында мұның шешуші маңызы бар.

Кәзір бұзау бағудың ең шешуші кезеңі туды. Бұзауды жайып бағуды да үлгілі ұйымдастырамын. Совхозда бұзауға өз алдына жайылымдар бөлінеді. Біз оларды пайдаланудың мерзімін, жолдарын күні-бұрын жоспарлап аламыз. Бұзау бағылғандың жайылымды мен жыл сайын тиімді пайдаланамын. Мәселен, бір участкаға бұзау 6—10 күннен артық бағылмайды. Бұдан кейін бұзау екінші участкаға өріске шығады. Қалған жайылымдарда осындай тәртіппен пайдаланылады. Ал, бұл кезде алғашқы пайдаланылған жайылымдардың шөбі өсіп, мал жаюға келеді. Өйткені, ол участкаларға басқа малдардың түсуіне жол бермейміз. Сөйтіп, бастапқы участкаларға 25—30 күн өткеннен кейін бұзау бағыла береді.

Көктемде, әсіресе, кәзіргі уақытта бұзау бағуға ерекше ұқыптылықпен қарау керек. Олай дейтінім—ерте көктемде оны үнемі далада жайып бағуға болмайды. Біріншіден, бұл кезде жер көктей қоймайды. Сондықтан бұзау онда тойына оттай да алмайды. Екіншіден, ерте көктемде жауын-шашынды, суық күндер жиі кездеседі. Мұндай күндерде бұзауды далада жайып бағу оның жүдеуіне, ауруға шалдығуына әкеп соғады. Осыны жете ескеріп,

артельдер тарапынан өрескел бұрмалаушылықтарға жол беріліп отырғандығын айтты.

Сессияда барлығы 9 адам сөз сөйледі. Олардың бәрі де депутаттардың назарын жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарында осы күнге дейін болып келген кемшіліктерді жоюға және алда тұрған міндеттерге аударды.

Жекелеген жергілікті өнеркәсіп орындарының өндірген өнімдері көп реттерде сапа көрсеткіштері жағынан өте төмен болатындығын, ал, оларды қайта өңдеу үшін мемлекет қаржысы екі есе артық жұмсалатындығын депутаттар қатты сынап, бұл кемшіліктерді жою жөнінде нақты ұсыныстар енгізді.

Сонымен қатар, сессия өндірістік-финанс жоспарларын толық және асыра орындау, өнімнің сапасын жақсарту беру және өнімнің өзіндік құнын үздіксіз кеміту жөніндегі міндеттердің қалтқысыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақтылы шаралар белгіледі.

мен көктем әбден шыққанша бұзауды негізінен қолда бағамын. Ол үшін жемшөпті, концентратты азықты күнілгері мол дайындап аламыз. Кәзір бұзауды дәл осылай күтіп жүрмін. Қарамағымдағы 30-дан аса бұзаудың бәрі шығынсыз, күйлі өсіріліп келеді. Олардың салмағы тәулігіне 700 граммға дейін артып отыр.

Жазды күні бұзау күндіз жайылымда бағылады. Оны өріске мезгілімен шығарып, өркімен жайып бағамын. Түнге қарай бұзау арнаулы қораға қамалады. Онда оған көк шөп және 2 килограмға дейін концентрат беріледі. Күн суық немесе аса ыстық болған кезде де бұзауға осындай күтім жасаймын. Мұндай күтімге алынғанда бұзауларға суды да қолдан беремін.

Жайып бағу кезінде бұзауға үш мезгіл қаймағы айырылған сүт беріп тұрамын. Ауырған немесе жүдей бастаған бұзаулар болса, оларды дереу оңаша күтімге аламын. Сөйтіп, ондай бұзауларды тез оңалтып, табынға қосып отырамын. Бұл жөнінде совхоз мал дәрігерлері мен зоотехниктері зор көмек көрсетіп жүр.

Партияның XIX съезі қоғамдық мал бағын өсіріп, оның өнімділігін арттыруды бесінші бесжылдықтағы басты міндеттің бірі етіп алға қойды. Мен бұзау өсіру өнеріне жетіле түсіп, бұл міндетті абыроймен орындау ісіне өз үлесімді қосу үшін күресемін. Үстіміздегі жылы өзіме бекітіліп берілген бұзауларды шығынсыз және күйлі өсіріп, мал шаруашылығында жаңа зор табысқа жетемін. Бұл мақсатқа өзімнің барлық күшім мен жігерімді аямай жұмсаймын.

Р. ЗАЙЦЕВА,

Қарағанды совхозының бұзау күтушісі.

# Көктемгі егісте әрбір сағат уақыт қымбат

Жұмыстың алғашқы күндерінде кездескен кемшіліктерді тез жойып, барлық күш-мүмкіншілікті егісті кезінде және сапалы өткізуге жұмылдырайық!



## Қымбатты уақытты босқа өткізуде

Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу — машина-трактор паркі қуатының толық пайдаланылуына тікелей байланысты. Бірақ, Полудень ауданында машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігін арттыруға жеткілікті қамқорлық жасалмай келеді. Аудан колхоздарында егіс жұмыстарының басталғанына бірнеше күн болды. Бірақ, аудан МТС-терінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары жөнделіп те бітпеген.

Мысалы, Полудень МТС-де 5 трактор жөндемей тұр. Оның үстіне мұнда тракторлар сапасыз жөндеген. Олар жұмыс үстінде бұзылып, тоқтай береді. Осы МТС қамтығаны Свердлов атындағы колхозда 9 трактор жұмысқа қосылған. Бұл тракторлардың күн сайын екеу-үшеуі сапасыз жөндегендіктен сынып, жұмысқа қосылмай тұрады. Мәселен, Костенко жолдас басқарған № 7 трактор бригадасында 20 апрель күні «ХТЗ» тракторы валы сынып жұмыс істемеді. Осы бригададағы «НАТИ» тракторы да 21 апрельден бері головкасы бұзылып, іске қосылмаған. Мұндай фактілер басқа бригадаларда да жиі кездеседі.

МТС сынған тракторларды жөндеп, жұмысқа қосу жөнінде бригадаларға қолма-қол көмек көрсетіп отырмайды. Жұмыс үстінде бұзылып тоқтаған тракторлар ұзақ уақыт жөндемей тұрады. Жылжымалы мастерскойлардың жұмыс мүлде қанағаттанғысыз. Олар трактор бригадаларын тыңғылықты қамтып алмай келеді. МТС-те 3 жылжымалы мастерской болса, оның біреуі әлі күнге дейін жөнделіп те болмаған. Ал, жабықталды деген екі жылжымалы мастерскойдың жұмысы нашар ұйымдастырылған. Участоктік механиктер осы күнге дейін тағайындамаған. Тракторшылар сынған трактор бөлшектерін жөндеу үшін МТС-ке барады. Сөйтіп, трактор ұзақ уақыт жұмысқа қосылмайды, уақыттың көбі босқа өтеді. Соның өзінде трактор бөлшектері тыңғылықты жөндеу қоймайды. Бұл МТС-те трактор бөлшектерін тез және сапалы жөндеу жөнінде жеткілікті қамқорлық болмай отыр. Ең алдымен, мастерскойда еңбек өнімділігі өте төмен. Тракторлардың әлі күнге дейін жөнделіп бітпеуі, олардың сапасыз жөндеуі де, міне, осыдан.

Осы МТС-тің «Красное знамя» колхозында жұмыс істейтін трактор бригадасында «ХТЗ» тракторының подшиннигі қаталып шықты. Жөндеу үшін ол МТС-

ры Кравдун жолдас) трактор бригадаларына көмекті жақсартудың, олардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолданбай отыр. МТС басшылары егіс жұмыстары әлі жаппай бастала қойған жоқ. Егіс жұмыстары әбден ызығана қалған тракторларды жөндеп үлгереміз. Асығатын ештеңе де жоқ, деген зиянды пікірге салынып, тракторларды іске қосуды кешеуілдетіп отыр.

Ал, расында МТС қамтуындағы колхоздарда егіс жұмыстарын жаппай бастайтын мезгіл жетті. Мәселен, Свердлов атындағы колхозда 600 гектар даяр жер бар. Оған тұқым себуге әбден болады. Бірақ, не пайда МТС, колхоз басшыларының жоғарыдағыдай арқаны кеңге салуының салдарынан мұнда тұқым себу жұмыстары басталмай, кешіктіріліп отыр.

Көктемгі егіске Ново-Георгиевка МТС-де (директоры Шталаук жолдас) әзірліксіз кірісті. МТС басшылары егістің алғашқы күндерінен бастап тракторлардың түгел жұмысқа қосылуын қамтамасыз етпеді. Тракторлардың жұмыс өнімділігін арттырудың, көктемгі егісті ең жақсы мерзімде өткізудің қамын жете ойластырмады. Соның салдарынан трактордар мен тіркеу саймандарын жөндеу, оларды дала жұмыстарына әзірлеу нашар ұйымдастырылды. Кәзір егіс жұмыстары жаппай әріс алған кезде бұл МТС-те 4 трактор жөндемей мастерскойда тұр. Алайда, мұндай төзгісіз жағдайға МТС басшылары ешбір қынжылмайды. Олар тракторларды егіс жұмыстарына түгел қосып, олардың қуатын сарқа пайдаланудың қамын мүлде жасамай отыр.

Өсірмен бірге, бұл МТС-те де тракторлардың жөндеу сапасы нашар. Ол егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен айқын көрінді. Мәселен, «Путь к коммунизму» колхозына жұмыс істеуге жіберілген екі «ХТЗ» тракторы келген бетінде-ақ сынып, қатардан шықты. Бұл тракторлармен бірде-бір гектар жер жұмысталған жоқ. Мұндай тракторларды дереу жөндеп, жұмысқа қосу ұйымдастырылмай келеді.

Бейбір колхоздар машина-трактор паркіне сеніп, қолдағы күш-көлікті де пайдаланбай отыр. Бұл жөнінде Ново-Георгиевка МТС-нің қамтуындағы «Красный Октябрь» колхозы (председателі Волошко жолдас) мысалға алуға болады. Мұнда егіс жұмыстарына көлік күшін пайдалануға мүлде мән берілмейді. Ал, бұл кол-

## Озат механизаторлар

Ленин ауданының таңдаулы механизаторлары көктемгі егісті агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Олар тракторлардың қуатын толық пайдаланып, дала жұмыстарын алғашқы күндерден бастап үлгілі жүргізуде.

Солардың бірі — Ильич атындағы МТС-тің тракторшылары К. Бакеев, С. Хамзин жолдасар. Бұл екеуі Аманкелді атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істеп жүр. Олар «НАТИ» тракторымен әрбір сменада 10 гектардан жер жыртады және кәзірдің өзінде 200 гектар жер тырмалады. Сөйтіп, сменалық норманы артығымен орындап шықты.

Ауданның Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінде де көктемгі егіс жұмыстары өрістей түсуде. Мұнда, әсіресе, Образцова МТС-нің механизаторлары Май мерекесіне лайықты өндірістік тартулар әзірлеу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, үздік табыстарға жетіп жүр. Мәселен, тракторшылар А. Сидоркин, Я. Хорольский жолдасар әрбір сменаны табысты аяқтайды. Олар өздері жұмыс істейтін «С—80» тракторын жоғары техникалық күтімде ұстап, оның қуатын толық пайдалануда.

Торанғұл және Явленка совхоздарының егіншілері дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру, сөйтіп, партияның XIX съезінің қарарларын мінсіз орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр.

Торанғұл совхозының тракторшысы Пономарев жолдасының еңбегі ерекше атап айтарлықтай. Ол өз тракторын жоғары техникалық күтімде ұстау нәтижесінде күндік норманы ұдайы 120 проценттен орындайды. Сондай-ақ тракторшылар Агеев, Яковлева жолдасар да күнбе-күн өнімді еңбек етіп жүр. Совхозда соңғы екі күннің ішінде 900 гектар жер тырмаланды.

Явленка совхозының № 3 фермасының тракторшылары да 1300 гектар жер тырмалады. Мұнда А. Чередняк жолдас сыяқты тракторшылар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа қызу ұштасқан ол, сменалық норманы ұдайы артығымен орындайды.

СОКП Орталық Комитетінің Бірінші майға арнаған Ұрандарына жауап ретінде таңдаулы тракторшы күндік норманы 200 процентке дейін орындауға міндеттенді.

В. ВОЛОШИН.

## Жаңа жігермен

## КИНО

# „Ертең барлық жерде би биленеді“

Бұл фильм дүние жүзінің бостандық сүйгіш жастарына арналған. Прага қаласында өткен жастардың Бірінші халықаралық фестивалінде ССРО Мемлекеттік ансамблі халық биін өте шебер орындап, ансамбльдің концертті зор табыспен өтті. Совет ансамблінің үлгісімен Чехословакия Жастары одағы өздерінің ән және би ансамблін ұйымдастыруға кіріседі. Міне, фильмде осындай би коллективінің құрылуы, оның творчестволық қызметі баяндалады.

Жастар одағы Лойзаны этнография музейінде ұйымдастырылған би семинарының жетекшісі Павелге ансамбльді құру жөнінде келісу үшін жібереді. Жас маман Павел Лойзаның сөзіне алғаш құлақ аспаса да, жұмыстан қол үзбей ән және би ансамблін дайындауға келіседі.

Руда би үйірмесіне жұмысшы жастарды тартуға қарсы болып, ансамбльдің құрылуына бөгет жасайды. Павел және би тобының басқа мүшелері оның ықпалында болады. Бірақ, жарқын болашаққа бой ұрған жастар ансамбльді ұйымдастыру ісіне батыл жұмылады, бұл жолда кездескен кедергілерді жеңеді.

Жастардың дарындылығын байқауда Жастар одағының бұл ансамблі бірінші орынға ие болады. Арам ниетті Руда ансамбльден шығарылады.

Ансамбль 1949 жылы Будапешт қаласындағы демократиялық жастардың дүниежүзілік Екінші фестиваліне қатысады.

1951 жылы Берлинде өткізілген демократиялық жастардың дүниежүзілік Үшінші фестивалінде ансамбльдің «Чех көктемі» деген би сюитасын көрсетудегі шеберлігі фестивальға қатысқан жастарға өте ұнайды.

Руда Берлиннің Батыс секторына Па-

велді ала кеткісі келеді. Бірақ, Павел оған көнбейді. Өйткені, ол бейбітшілік пен бақыт тілейтін жаңа қоғамның лайықты мүшесі болып қалыптасады.

Кинофильмнің оқыйға желісі заңдылықпен дамып, көрушілерге әсерлі болып шыққан. Фильмнің сценарийін жазған В. Влчканың, Б. Шохованың, және П. Когоуттың бұл фильмді жасаудағы творчестволық табысын атап өтуге болады. Чехословак халқының сарқылмас бай таланты, жаңа өмірдегі қуанышты халықтың искусствосын меңгеру жолындағы Жастар одағының би ансамблінің табыстарын, олардың кездескен бөгеттерді жеңу жолдарын, чехословак жастарының совет халқына деген сүйіспеншілігін фильмнің режиссері Владимир Влчек әсерлі етіп көрсете білген.

Кинофильмге қатысушы актерлер тобы Э. Кубешова (Алена), З. Бухвальдек (Павел), М. Несвадба (Лойза), И. Адаммира (Руда) және басқалары өз кейіпкерлерінің образын нанымды, шебер жасау үшін көп творчестволық еңбек сіңірген.

Әсіресе, фильмде демократиялық жастардың дүниежүзілік фестивальдері, дүние жүзі жастарының бейбітшілік жолындағы ынтымағы өте жақсы көрсетілген.

Чехословак халқы Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы совет халқының туысқандық көмегімен өз елінде социалистік қоғам орнату жолында аянбай еңбек етуде. Олардың әл-ауқатының жақсаруымен бірге, түрі ұлттық, мазмұны социалистік чех және словак халықтарының мәдениеті де гүлденіп осуде. Оны Чехословакияның Мемлекеттік киностудиясы жасап шығарған «Ертең барлық жерде би биленеді» фильмінен анық көруге болады.

Т. НАЗАРОВА.

## Қарт шопан

Ленин ауданындағы «Орталық» ауыл шаруашылық артелінде Ахмет Мейірманов 22 жылдан бері шопан болып істейді. Қарт шопан жасының ұлғайғанына қарамастан, қойларды тыңғылықты күтіп, қыстан күйлі шығарды. Оның алдынан осы жылдардың ішінде мал шығын болып көрген емес.

Бұл күндері шопан қойларды қоздату маусымы кезінде аянбай жұмыс істеп, үлкен белсенділік көрсетіп жүр.

## Ауылдық оқу үйі

Сартомар ауылдық Советіндегі оқу үйі колхозшылардың жұмыстан бос уақыт

Кәзірдің өзінде 250 қозыны құнарлы жемшөппен азықтандырып, жайлы етіп күтуде.

Қарт шопан үстіміздегі жылдың январь, февраль айларында 126 еңбек күн тапты. Кәзір қарт шопан мереке алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 23 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 23 апрельде былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 5 самолетін атып түсірді.

## ПАНЬМИНЬЧЖОНЬДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДЕГІ КОРЕЙ-ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҮНДАМАСЫ

ПЕКИН, 23 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының бүгінгі жарияланған мазмұндамасында былай делінген:

Екі жақтың байланыс топтарының бүгінгі болған сегізінші мәжілісінде корей-қытай жағы екінші жаққа корей-қытай жағы еліне қайтарып отырған ауру және жаралы соғыс тұтқындарының қатарына кәзіргі уақытта лагерьлерде тұрған соғыс тұтқындары ғана емес, сондай-ақ сыяқты, келіссөздер кезінде майдап, корей-қытай жағы қолға түсіргендер де қосылатындығын ескертті, сөйтіп, корей-қытай жағы еліне қайтарып жатқандардың жалпы саны екінші жаққа берілген алғашқы мәліметтен асып түсетін болады. Корей-қытай жағы күн сайын екінші жаққа келісімге сәйкес еліне қайтаруға тиіс аурулар және жаралы соғыс тұтқындары туралы нақтылы мәліметтерді хабарлап отырады.

Бүгін Паньминьчжоньде корей-қытай жағы 75 корей, 14 американ, 6 колумбиялық, 5 австриялық, барлығы 100 соғыс тұтқынын еліне қайтарды. Екінші жақ Корей Халық армиясының құрамынан 500 ауру және жаралы соғыс тұтқындарын тапсырды.

## АВСТРИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІН КӨШЕГЕ ЛАҚТЫРУДА

ВЕНА, 23 апрель. (СОТА). Баспасөз хабарына қарағанда, 21 апрельде Венадың төртінші ауданында, Австрия астанасы магистратының арнаулы комиссиясының мәлімдегеніндей, «қырап құлағандықтан паналауға жарамсыз» үйлерден жұмысшылар, қызметкерлер және чиновниктердің 26 семьясы көшеге шығарылған. Венадың магистраты оның жетеуіне ғана пәтер тауып бергенді ал қалған 16 семья көшеде қалуға мәж-

анарыды. Сапасыз жөндегендіктен ол осы жолы МТС-ке бір рет емес, үш рет әкелінді. Подшипникті жөндеуге ерсілі-қарсылы анарын жүргенде, аталған трактор екі күн бойына жұмысқа қосылмады.

Жалғыз бұл ғана емес, тракторлардың жұмысқа қосылмай тұруы, олардың қолма-қол жөндемеуі сыяқты фактілер МТС-тің Аманкелді атындағы, Сталин атындағы колхоздардағы трактор бригадаларынан да жиі кездеседі. Олардың бәрі сынған бөлшектерді МТС-ке әкеліп жөнетеді. Сөйтіп, бірталай жұмыс уақыты босқа кетеді.

Жағдай осындай төзгісіз бола тұрса да, Полудень МТС-нің басшылары (директо-

р) жолда жоспар бойынша үстіміздегі көктемде көлік күшімен 280 гектар жер тырмалануға, 73 гектар жер жыртуға, 55 гектар жерге тұқым себілуіне тиіс. Алайда, күні бүгінге дейін бұл жұмысты атқаруға көлік күші қосылған жоқ. Колхоз басшылары айтылған егістік алаңды да трактор күшімен атқарамыз деумен жүр.

Бұл жағдайға төзуге болмайды. Ауды басшылары дала жұмыстарына трактор қуатын және көлік күштерін кеңінен пайдаланып, егіс жоспарының әрбір дақыл бойынша қысқа мерзімде сапалы орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
(Өз тілшіміз).

## Егіншілер арасындағы саяси үгіт

Преснов МТС-нің қамтуындағы колхоздардың партия ұйымдары егіншілер арасындағы саяси үгітті алғашқы күндерден бастап кеңінен өрістетуде. Олар егіс және трактор бригадаларын, мәдени қостарды саяси үгіттің орталығына айналдырды. Ондаған үгітшілер егіншілер арасында әңгімелер өткізеді, дауыстап газет оқыйды. «Жауынгерлік листоктар» шығарады.

«Победа» колхозы партия ұйымының үгітшілер коллективі құрамында 10 адам бар. Олардың бәрі саяси үгітке белсене қатысады. Мәселен, Дедов жолдас № 18 трактор отрядында үгітші болып істейді. Ол механизаторлардың мәдени қосын ұрандармен, плакаттармен және басқа көрнекі үгітпен жабыды. Дедов жолдас алғашқы күні «Социалистік жарыс—коммунистік құрылыстың негізгі әдісі» деген тақырыпта әңгіме өткізді.

Үгітші механизаторлардың социалистік жарыста алған міндеттемелерінің ойдағыдай орындауына қажетті көмек көрсетуде. Мәселен, тракторшы Данилов жолдас дала жұмыстарының бірінші күні жо-

ғарғы көрсеткішке ие болды. Ол «НАТИ» тракторымен бір сменада егістік жерді тырмалауда біржарым норма орындады. Үгітші тракторшының жоғарғы еңбек өнімділігіне ие болуының сырын зерттеді. Дедов жолдас тракторшы Данилов жолдастың участогінде болып, оның егістік жерді жашнай емес, іріктеп тырмалағанын білді. Осыдан кейін үгітші Даниловтың бірінші күнгі жұмысының табысы жөнінде әңгіме өткізіп, оның жұмыс әдісін жалпының игілігіне айналдырды.

Жақында колхоз партия ұйымы үгітшілердің кеңесін өткізіп, олардың көктемгі егіс кезіндегі алғашқы жұмыстарына қорытынды жасады. Онда үгітші Дедов жолдас өзінің жұмыс тәжірибесі жөнінде сөз сөйледі.

«Новый свет» колхозының партия ұйымы да көктемгі егіс кезіндегі саяси бұқаралық жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруда.

**В. СӘЛМЕНОВ,**  
Преснов ауданы.

## Алғашқы нәтижелер

Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздарында көктемгі дала жұмыстарының майданы ұлғая түсуде. «Шит» ауылшаруашылық артелиінде Ворошилов атындағы МТС-тің Зиненко және Ивина жолдастар басқарған трактор бригадаларының механизаторлары зябь тырмалау, көпжылдық шөп егу жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. «ДТ—54» тракторын жүргізуші А. Медынский жолдас зябь тырмалауда күніне біржарым нормаға дейін орындайды. Тракторшы Сычев жолдас бір сменада норма бойынша 60 гектар орнына 96 гектар жерге тұқым себеді.

Киров атындағы колхозда жұмыс істейтін механизаторлар Быков, Мецлер және Бун жолдастар өз машиналарын жақсы пайдаланады.

Сталин атындағы, Калинин атындағы, «Қызыл-ту» және басқа да колхоздардың егіс даласында еңбек майданы қыза түсуде. Мұнда егістік жер жұмыстауға келісімен зябь тырмалау, жер жырту және бөте шөпін егу іле-шала қолға алынды. Сталин атындағы ауылшаруашылық артелиінде 100 гектар жерге көпжылдық шөп егілді. Көзір мұнда дөңді дақылдар себу жұмыстары жаппай басталды. Бұл колхоздың егіс даласында Некрасов және Терунов жолдастардың трактор бригадаларының механизаторлары жанамай еңбек етіп жүр. Некрасов жолдастың трактор бригадасының механизаторлары көзірдің өзінде 1168 гектар жер дайындады.

**Ө. НҮРЖАНОВ.**

Мамлют совхозының механизаторлары көктемгі дала жұмыстарын қызу жүргізуде. Механизаторлар Май мерекесі құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрып, егісті тез, сапалы аяқтау жолына өздерінің күш-жігерін аямай жұмсап келеді.

Мәселен, тракторшы Шейфер жолдас үздік табыстарға жетіп жүр. Өткен жылы ол «ДТ—54» тракторымен 1100 гектар жер жұмыстап, 552 килограмм жанар, жағар майын үнемдеді және онымен жұмыс істеді. Сөйтіп, маусымдық жоспарын аброймен орындап шықты. Таңдаулы тракторшы үстіміздегі жылы осы трактормен 1150 гектар жер жұмыстауға, жұмсалатын барлық жанар, жағар майының 5 процентін үнемдеуге міндеттеніп отыр.

Ол бұл міндеттемені ойдағыдай орындайды. Оған Шейфер жолдастың көзіргі көрсеткіштерінің өзі-ақ дәлел. Ол тапсырманы смена сайын артығымен орындап жүр. Мысалы, ол соңғы бір сменада 55 гектар орнына, 77 гектар жер тырмалады. Мұның бәрі Шейфер жолдастың өз тракторын жоғары техникалық күтімде ұстап, жұмыс уақытының әрбір минутын дұрыс пайдалана білуінің игілі нәтижесі.

Совхозда мұндай механизаторлар саны күннен-күнге көбейіп келеді. Олар смеңалық тапсырманы толық және артығымен орындайды. Соның нәтижесінде егіс жұмыстарының қарқыны күннен-күнге арта түсіп отыр.

СОКП Орталық Комитетінің Май мерекесіне арнаған Ұрандары совхоз механизаторларын еңбекте жаңа табыстарға жігерлендіре түсті. Олар Май мерекесін тракторлардың жұмыс өнімділігін еселеп арттырумен, егіс жұмыстарын тыңғылықты жүргізумен қарсы алмақ.

**Л. МОРГУН,**  
Мамлют совхозы.

### ТРАКТОР ӨНІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУДА

Соңғы жылдары Шағлы МТС-нің тракторшысы Пищинко жолдас трактордың қуатын пайдалануда үздік табыстарға жетіп келеді. Өткен жылы ол «С—80» тракторымен 2181 гектар жер жұмыстады.

Таңдаулы тракторшының бұл табысы—машинаны пайдаланудың ережесін мұқият сақтаудың, оған тыңғылықты күтім жасаудың нәтижесі. Пищинко жолдас тракторға күн сайын жоғары техникалық күтім жасайды.

Көктемгі дала жұмыстарына Пищинко жолдас үлгілі әзірлікпен кірісті. Ол алғашқы күндерден бастап тракторды жұмысқа толық қуатымен пайдаланып жүр. Таңдаулы тракторшы тракторды жоғары техникалық күтімде ұстауда. Сөйтіп, ол жерді әрі тез, әрі сапалы жұмыстауға жетісіп жүр.

**Б. ЕСІМОВ.**

тарын мәдениетті өткізетін сүйікті орны болып саналады. Мұнда олардың газет, журналдар, түрлі кітаптар алып оқуына толық мүмкіндік бар. Оқу үйінің кітап қорына жыл сайын жаңа кітаптар қосылуда. Өткен бір жылдың ішінде ғана 2500 сомның жаңа кітаптары сатып алынды.

Үстіміздегі жылы оқу үйі 1900 сомның газет, журналдарына жазылды.

## ШАХМАТ ЖАРЫСЫ

Смирнов орта мектебінде еңбекшілердің ынтымақ күні —1 май құрметіндегі оқушылардың шахмат жарысы өткізілді. Жарысқа 16 шахматшы қатысты.

Жарыстың барысында В. Нестеров.

9 дана журнал, орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерді күн сайын алып отырады.

Кітапханадан кітап алып оқушылар қатары арта түсіп отыр. 223 колхозшы, оқушы мен мұғалім оқу үйінен үнемі кітап алып оқып тұрады.

**М. ҚҮДІРЕНОВ,**  
Совет ауданы.

Б. Кенжебаев, Гироценко және Кордеев сыяқты оқушылар шеберлікпен ойынап, шахмат ойынымен үнемі шұғылданып отыратындығын көрсетті.

**Г. БАЛТАБАЕВ.**

## 1953 жылдың екінші жартысына облыстық „Ленин туы“ және „Ленинское знамя“ газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газетшілерге байланыс Министрлігінің барлық кәсіпорындарында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

### ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӘСІПШІ АҒШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АҒ АУЛАУМЕН ШҰҒЫЛДАНУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің «Солтүстік Қазақстан облысында аң аулау және аңшылық шаруашылықты жүргізу ережелері туралы» 1952 жылғы 12 декабрьдегі 719 санды қарарында аң аулаудың мынадай маусымдарда жүргізілуі белгіленген:

Борсықты аулау —1 сентябрьден 1 майға дейін; түлкі, қарсақ, саскүзен, сібір күзенін аулау —1 ноябрьден 1 мартқа дейін; қоянды, аққоянды, ор қоянды аулау —20 ноябрьден 15 мартқа дейін; суырды аулау—15 июньнен ініне жатқанға дейін; ондаторды аулау —1 октябрьден 1 апрельге дейін; суда жүзетін, томарда және қырда болатын жабайы құстарды ату—20 августан 5 майға дейін; ұя басатын үйректі көктемде ату—20 майға дейін; қалың ағаштың ішіндегі құстарды ату —1 сентябрьден 1 январьға дейін.

ЕСКЕРТУ Аң аулау және аңшылық шаруашылықты жүргізу ережесі «Казахстанская правда» газетінің 1952 жылғы 23—24 декабрьдегі сандарында толық басылған.

Кондратовка ағаш питомнигі көктемде отырғызу үшін алма ағашының көптеген сорттарын, қара өрік, қарақат және шие ағаштарын сатады.

Питомнигі ағаштарды үйге жеткізіп береді. Ол үшін үй адресін және ағаштың сортын көрсетіп, питомникке заявка беру керек.

Питомниктің адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданы, Петерфельд почта бөлімшесі

Кірпіш заводында жұмыс істеу үшін, ер және әйел жұмысшылар КЕРЕК. Еңбек ақы істеген жұмысына қарай төленеді. Семьясы барлар пәтер үймен, жеке бастылар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Қалада тұрушылардың жұмысқа барып-келіп жүруі үшін автомашина бөлінеді.

Жұмысқа кірем деушілердің Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 105-үйге және кірпіш заводына (Боркиге жақын жерде) келіп түсінік алуларына болады.

Бұл факті Вена еңбекшілерінің үлкен ыза-кегін тудырды. Бургомистр Ионастың атына қоғам ұйымдары мен жеке адамдардан көптеген наразылықтар түсуде. Австрия астанасында жыл сайын тұрғын үйлердің жағдайы нашарлап кеткендігі түскен наразылықтарда бірауыздан атап көрсетілуде. Венаның 10 мыңдаған адамдары дұрыс тұратын үй болмағандықтан барактар мен жартылай қыйраған үйлерге паналауда.

### —00— ХРОНИКА

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Махмуд Сапарғалиев жолдасы Қазақ ССР Сауда министрі міндетінен босатты.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



### «УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

#### «МІНЕЗДІ ҚЫЗ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

### «ОКТАБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

#### «ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Петропавлдың «Кожхимик» артелине түпкілікті жұмысқа киім-кешекті тазалайтын мақта-матадан тігілген және мейхан тігілген киімдер бойынша шеберлер, химиялық товарларды өңдеу жөнінде мамандар, былғары және кірпіш өңдеу жөніндегі жұмысшылар, жүк тиеушілер, маусымды жұмысқа кірпіш өндіруші жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібінде артель кеңесіне келіп (1-ші қосынның арғы бетінде) түсінік алуға болады.

Облыстық оқу бөлімі орта мектеп көлемінде шұғыл түрде емтихан тапсыруға тілеушілердің мектеп директорына арыз берулеріне болатындығын еске салады.

Емтихандарды Марьевка, Явленка, Еңбек, Баян, Преснов, Булаев, Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектептерінде және Петропавлдағы сырттан оқыйтын орта мектепте алуға рұқсат берілді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.